

ХАТТАР
МАРАФОНЫ

AMNESTY
INTERNATIONAL



ЖУРНАЛИСТІК ҚЫЗМЕТІ ҮШІН ҚАМАЛЫП, СОҚҚЫҒА ЖЫҒЫЛҒАН

Сай Зо Тхайк

📍 Мьянма

Мьянмада журналист болу – қауіпті кәсіп. 2023 жылдың мамырында Мокха циклоны соққан тұста, фотожурналист Сай Зо Тхайк Ракхайн штатына апат салдарын көрсетуге барған еді.

Сай Зо қамауға алынып, 2023 жылдың қыркүйегінде

әскери трибунал оны 20 жылға бас бостандығынан айырды. Түрме қызметкерлері оны бірнеше рет ұрып-соғып, жалғыз камераға оқшаулаған.

Мьянма әскери билігінен Сай Зо Тхайкты дереу босатуын талап етіңіз.

